

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Албастыны көбіне желіні жер сызған ешкі немесе түрі ұсқынсыз қаңғыған ит, аузына әйел өкпесін тістеген түлкі түрінде бейнелейді. Қазақ түсінігіндегі бұл жағымсыз кейіпкер босанып жатқан әйелді кеудеден басып тұрып, өкпесін ұрлап алады да, жүгірген бойы өзенге тастайды. Солайша босанып жатқан әйел өледі. Ал албастының өкпені алып қашып бара жатқанын көріп, оны ұстап алып қинаса, қайтарып әкеледі. Содан әлгі әйел қайтадан тіріледі. «Албасты басқыр!» дейтін қарғыс сөз осыдан шыққан болуы әбден ықтимал.

Үббе немесе Үбі – қазақ наным-сенімінде судың ішінде кездесетін құбыжық. Үббе өзен-көлге суға шомылып жүрген адамдардың сирағынан ұстап алып, батырып өлтіреді. Ерте кезде адамдар суда жүрген сәттерінде қандай да бір қорқынышты сезе қалса, «Үббе, маған тиіспе!» деп айғайлайтын болған.

Сонымен бірге қазақ демонологиясында «Үбіжәй», «Бүжәй» дейтін де кейіпкер кездеседі. Көбіне Бүжәйды шақырып, кішкентай балаларды қорқытады. Әр өңірде қолына қорқынышты бір затты ұстап тұрып «Бүжәй келе жатыр! Жыласаң, Бүжәй алып кетеді!» деп баланы тәртіпке салып жатады. Бұны айтқан адам «Үбі», «Үбіжәй», «Бөжей», «Бөжек», «Үбіжік» дейтін осы құбыжықты меңзеп тұрса керек. Үббе мен үбіжәй негізі бір ұғым деуге де толық негіз бар.

Қазақ халқында жағымсыз бейнеде келетін мифологиялық кейіпкерлер жетерлік, десе де олардың дені жоғарыда көрсетілген мифологиялық кейіпкерлердің аңыз-әңгіменің, ертегінің ішінде жүргені тәрізді, одан басқа да сан түрлі жанрға ауысып, тіпті сіңісіп те кеткен. Қазақ мифологиясының өзі әртүрлі жанрға шашырап кеткен. Сол себепті де қазақ мифологиялық кейіпкерлері туралы сөз қозғағанда фольклордың мифологиядан өзге жанрларына да тоқталған жөн болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Страхов, И.В. Психологизм в романе. – М., 1993.
2. Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 1986. – 445 с.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 360 бет.
4. Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 256 с.
5. Уалиханов Ш. Таңдамалы – Алматы: Жазушы, 1985. – 455 б.
6. Әуесбаева П.Т. Түркі халықтарының хикаялары. Ғылыми зерттеу. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2014. – 415 б.

БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

Матай Жазира Сейтқожақызы

matay.zhazira@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а.Сағынадин Г.С

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиетінің сан қырлы саласы қарыштап дами бастады. Соның ішінде балалар прозасына ден қойылып, жаңа сипат алды. Оның рөлі туған әдебиетімізді дамытып, көркейтуге септігін тигізіп жатыр. Балалар әдебиеті — балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Сондай-ақ, арнайы балаларға арналып жазылмағанымен, олардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына, арман-қиялына әсер етіп, өзіне балаларды тартатын көркем шығармаларды да балалар әдебиеті қатарына жатқызуға болады. Балалар әдебиеті — сөз өнерінің арналы бір саласы. Әдебиеттің бұл түріне жататын шығармалар оқиғасының қызықты да тартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Әйткенмен қазіргі қазақ балалар прозасының жай-күйі көңіл қуантарлықтай емес. «Әдебиеттің ішіндегі ең күрделісі, екіншісі бірі қалам тартып, шығарма жаза бермейтін тақырып ол – балалар тақырыбы. Өйткені балалар әлемі – күрделі әлем», - деген пікір білдіре

отырып, кез келген жазушы қалам тартпайтынын тілге тиек етті. [1] Айталық даму кезеңдерін қарастырсақ та нақты бір уақытта пайда болды дей алмаймыз. Тек өзінің бастауын халық ауыз әдебиетінен, бесік жырларынан, халық ертегілерінен алады. Әңгімелер, ертегілер, аңыздар балалардың құлақ құрышын қандыра тыңдайтын, қызығушылықпен құмарта еститін халық туындылары болған.

Балалар әдебиеті бастапқыда жалпы әдебиетпен бірге қарастырылып, кейбір шығармалардан аздап көрініс тапты. Кейін қатары толыса келе ХІХ ғасырда ерекшеленіп, жалпыланудан жалқылануға көше бастады. Яғни балалар әдебиетін оның ішінде ауыз әдебиетті қағазға түсіру жұмыстары, жинақтау, ретке келтіріп, жүйелеу балаларға ұсыну жұмыстары тек ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталды. Оған себеп: қазақ балалары үшін жаңа орыс-қазақ мектептердің ашылып, балалар игілігіне беріле бастады. Ағартушылықпен айналысқан педагог-зерттеушілер алдымен халық ауыз әдебиетіндегі балаларды тәрбиелеуге арналған шығармаларды жинақтады.

Тамыры, тарихы тереңде жатқан балалар прозасы ХІХ ғасырда ағартушы, педагог, ғалым Ы. Алтынсарин есімімен байланыса келіп, ресми жазба түрде басталған еді. Ол балалар әдебиетін алғаш рет жинақтаған әрі соны бірінші рет құрастырып, балаларға ұсынған, «Мактубат», «Қазақ хрестоматиясы» кітаптарын 1879 жылы бастырып шығарған. Төрт бөлімнен тұратын бұл кітаптың бірінші бөлімінде өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелер, ертегілер енгізілген. Ы. Алтынсарин есімімен байланыса келіп, ресми жазба түрде басталған еді.

Осыдан кейін педагог-зерттеушілер, оқыған азаматтары қазақ балалар ауыз әдебиетін жинаумен айналыса бастады. Спандияр Көбеев алғаш рет 1910 жылы бастырып шығарған «Үлгілі тәржіме» және 1912 басылып шыққан «Үлгілі бала» жинақтарына балалар ауыз әдебиетінен өлеңдер, ертегілер енген. Сол жылы балалар әдебиетіне тағы ізденістің нәтижесінде еңбектер қосылды, Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» деген кітабында балаларға арналған шығармалар кездеседі.

Ыбырай Алтынсарин қазақ ауыз әдебиетінен балалар фольклорына жататын мұраларды да іріктеп алып көп жинаған. Оны бір жүйеге келтіріп, жанрға бөліп, өз уақытында бастырып та шығарған. Аңыз әңгімелер, ертегілер эпостық шығармалар, мақал-мәтелдер болып төрт жүйеге бөлінеді. Педагог өз шығармаларымен қатар, И.А. Крыловтан, И.И. Дмитриевтен, Ушинский хрестоматиясынан балаларға лайықты көптеген өлеңдер, әңгімелер аударып өз хрестоматиясына енгізеді.

Балалар әдебиетіне дана Абайдың да қосқан үлесі орасан зор. Ол өзінің жетінші қара сөзінде жас баланың анадан туғанда екі түрлі мінезбен туатынын сипаттай келе, дұрыс тәрбиенің үлгісін қалыптастыру керегін айтады. Бұл туралы М.Әуезов: «Енді бір бөлек тақырып болып, жетінші сөз оқшаулау көрінеді. Ол – жас баланың психологиясын еске алып, талдаған сөз. Баладағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін айтумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланың жанын жаман тәрбиемен қорлап бұзғанын білдіреді» - деп Абайдың қара сөздеріндегі ерекшеліктерге тоқтала отырып, үлгі-өнеге беретінін айтады. [2, 123 б] Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деуінің үлкен мәні бар. Абай жас баланың көңілі әрқашан әділдікті жақтайтын болып өссін деген талаптар қояды. Себебі балалар айқындықты, дәлдікті, ақиқатты сәби көңілін оятып, өзін болашаққа қызықтырып, итермелеп отыратын тұжырымды ойды қажет етеді. Абай сондықтан да қазақ балалар жазба әдебиетінің негізін қалаушы кемеңгердің бірі саналады.

Әрі қарай ХХ ғасырдың бас кезінде балаларға арнап жазылған шығармалардың қатары көбейіп, жеке жазылған жазбаша әдебиет арта берді. Спандияр Көбеев «Үлгілі бала» хрестоматиясында Крыловтан аударған мысалдары, орыс классиктерінің балаларға арнап жазған қысқа әңгімелерін қазақ тұрмысына лайықтап жазды. Оған қоса, балалардың ұғымына сыйымды және қызықты, шағын әңгімелерге мысалдар келтірген.

Нағыз балалар прозасы деп қарастырған кезеңнің өкілдері, яғни Тәуелсіздік жылдардағы балалар прозасының авторлары Арасанбай Естен, Сұлтан Қалиұлы, Шәкен

Күмісбайұлы, Әдібай Табылды, Дәнеш Ахмет, Толымбек Әбдірайым, Кеңес Оразбекұлы, Бағдат Мәжитов сынды майталман жазушылар қалам тербеп, жақсы, сапалы әдеби туындылар дүниеге келтірді. Жас қаламгерлерден Қалмахамбет Мұхаметқали, Есей Жеңісұлы, Нұрлан Құмар, Бейбіт Сарыбай, Аягүл Мантаева, Әдина Жүсіп, Серікбол Хасан сынды талантты жастар балалар әдебиетіне көп үлес қосты.

Жазушы Өміржан Әбдіхалық: «Балалар әдебиеті – ең ұлы әдебиет. Оны қартайған қария да, әріп танитын жас бала да оқи алады. Бірақ біз әлі күнге соғыс кезінде өткен балалық шақ туралы жазылған «Жусан иісі» сияқты шығармаларды оқимыз. Демек біздің әдеби санамыз 60-70-жылдарда қалып қойған. Біздің балалардың ой-қиялы дамымай қалды. Оларды батырлар жырымен қызықтыру мүмкін емес. Біз мына телефонды керемет жақсы көреміз, соған қолымыз жетсе дейміз. Бұл – көздің өлшемі. Бізде ойдың, қиялдың өлшемі жоқ. Баяғыда радиодан кітап оқушы еді ғой, бұдан шығудың бір жолы ретінде енді соның теленұсқасын жасау керек пе, білмеймін. Адамдарға көздің ар жағында да көз бар екенін түсіндірсек дейміз», – дейді.

2021 жыл «Балалар әдебиеті жылы» деп жариялануы көңіл қуантады. Қаламы жүйрік, қиялы ұшқыр жазушылардың сол жылы балаларға арналған көптеген туындылары жарық көрді. Шәкен Күмісбайұлының «Бабамдай болғым келеді», Нұрдәулет Ақыштың «Тау ішіндегі тауқымет», Бейсембай Сүлейменовтың «Сырлы Әлем», Әлібек Файзуллаұлының «Өтірік айтпайтын күн», Әбділдабек Салықбай «Айдана мен Ақжолтай», Сәуле Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер», Ділдер Мамырбаеваның «Әке мен бала», Жаңабек Шағатайдың «Ауылдың кішкентай археологтары», Заря Жұманованың «Күләйша, Рокфеллер және басқалар», Гүлзат Шойбекова «Тұрлыханның көк туы» сынды кітаптары қолымызға түсті, сонымен қатар Сырым Бақтыгерейдің Валерий Кастрючиннен аударған «Ержүрек құмырсқасы» мен Гүлзат Ақжолованың Әлия Беркімбаевадан аударған «Дәуіт атайдың ертегілері» сынды аудармаларын шолдық. Фолиант баспасы басып шығарған Ақселеу Сейдімбектің балаларға лайықтап әңгімелеген «Алпамыс батыр» эпосының баянын, Алдар Көсенің қызықты хикаяларын кітапханалардан еркін табуға мүмкіндік алдық.

Балаларды отансүйгіштік пен жанашырлыққа тәрбиелейтін шығармалардың бірі – Нұрдәулет Ақыштың «Тау ішіндегі тауқымет» атты хикаяттар мен әңгімелер жинағы. Бала табиғатына тән білуге құмарлықтан туған шым шытырық оқиғалардың жетегінде шығарманы бір деммен оқып шығасың. Шығарманы оқу барысында шығыстың тауларын кейіпкерлермен бірге аралап, тастарын ұстағандай күй кешесің. Уақыт пен кеңістікті алмастыруда автор нарративтік уақытты шебер пайдаланған. Шығыс өңіріндегі ескі обалар мен тастағы таңбалардың әлі күнге дейін толықтай зерттелмеуі, жазушының ішіндегі қыжылы іспеттес. Автор осы бір тілекті «Жұмбақ іздер» хикаясында Әнестің атасының аузына салады. Жазушының детальдарды қолдануда барынша мұқият болғанын әр шығармаларын оқығанда куә боламыз.

Әлібек Файзуллаұлының «Өтірік айтпайтын күн» әңгімелер мен ертегілер, хикаят пен аңыз-дастандар жинағы балалар мен жасөспірімдерге тәрбиелік, тағылымдық мәні мол туындылар. Қысқа сюжетке құрылған әр әңгіменің астарында тәрбиелік мән бар. Абайдың «Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса – қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса – іздеп таба алмайсың» деген қанатты сөзінің негізіне құрылған «Көлеңке дос» әңгімесі мақалдың мағынасын жас балаларға түсіндірген, герменевтикалық әдісте жазылған әңгіме. Қазіргі таңда балаларға арнап жазылған шығармалардың қатары көп. Балаларға оқу үшін кез келген мүмкіндіктер жетерлік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://adebiportal.kz/kz/news/view/balalar-adebietinin-bugini-maselesi-nede-izdenisi-qandai_24152
2. Ахметов Шеген. Қазақ балалар әдебиеті, «Мектеп» баспасы, 1989. – 175 б.
3. <https://kk.wikibooks.org/wiki>
4. Ақыш Нұрдәулет. Тау ішіндегі тауқымет / Н. Ақыш. – Алматы : Алаш, 2021. – 384 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕЛІЛІК ӘДЕБИЕТ ҚАРАСТЫРАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Өмөрбек Ақбота

b.omirbek00@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Оразбек М.С.

Желілік әдебиет-бұл интернет пен әлеуметтік медианың дамуына байланысты пайда болған әдебиеттегі жаңа және ерекше бағыт. Қазақстанда желілік әдебиет соңғы жылдары танымал болды, мәдени және зияткерлік өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Ол дәстүрлі әдебиеттен ерекшеленеді, өйткені ол әртүрлі интернет-платформаларда жарияланады және кең аудиторияға ие. Желілік әдебиеттер бірегей табиғилыққа ие және дәстүрлі кітап шығарумен байланысты шектеулерге ұшырамайды.

Алайда, өзінің танымалдылығына қарамастан, Қазақстандағы желілік әдебиет қарастырылуы және шешілуі қажет кейбір проблемаларға тап болды. Онлайн әдебиеттің өркендеуі Қазақстандағы жазушылар үшін шығармашылық пен мүмкіндіктің жаңа толқынын тудырды. Сонымен қатар, бұл елдің әдеби ландшафтында ұзақ уақыт бойы назардан тыс қалған проблеманы анықтады.

Біріншіден, Қазақстанның желілік әдебиетіндегі кейбір авторлар авторлық құқықты бұзу проблемасына тап болады. Көбінесе олардың рұқсатынсыз туындылары басқа интернет-платформаларда қолданылады, бұл авторлық бақылауды жоғалтуға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, кейбір платформалар туындыларға қол жетімділікті авторларға ескертусіз сата алады, сонымен бірге тиісті сыйақы бермейді.

Екіншіден, Қазақстанның желілік әдебиетіндегі басты проблема аудиторияның әдеби мәдениетінің төмен деңгейі болып табылады. Көбінесе интернет кеңістігінде сапа, мазмұн және стиль тексерілмейтін туындылар пайда болады, бұл желілік әдебиеттің бүкіл жанрын құнсыздандырады[4].

Үшіншіден, бүгінгі таңда Қазақстанның желілік әдебиеті ресми реттелмеген және әдеби сала мәртебесін алған жоқ. Бұл шығармаларды жариялау және тарату кезінде ықтимал мәселелерге, сондай-ақ авторлық құқықты қорғаудың болмауына әкелуі мүмкін.

Төртіншіден, қоғам желілік әдебиеттерді басқа тілдерге аудару саласында да қиындықтарға тап болады. Көптеген платформалар мен шығармалар басқа тілдерге аударылмаған, бұл оларды кең аудиторияға қол жетімді етпейді және оларды халықаралық нарықта дамуын қиындатады.

Бесіншіден, плагиат-Қазақстанда онлайн-әдебиет тап болған тағы бір күрделі мәселе. Көптеген жазушылар өз шығармаларын ұрлау және оларды басқа біреудің атымен жариялау жағдайлары туралы хабарлады. Бұл әсіресе плагиатпен күресу үшін ресурстары мен қолдауы жоқ жаңадан келген жазушылар үшін қиын. Қазақстанда шығармашылық жұмысты құқықтық қорғаудың болмауы жазушылардың өздерінің зияткерлік меншігін қорғауды қиындатады және көптеген адамдар плагиаттың алдын алу үшін өзін-өзі бақылауға және достары мен әріптестерінің көмегіне сүйенуді жөн көреді [5].

Қазақстанда жазушылардың алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі-таланттарды қолдаудың жоқтығы. Елдегі ең табысты жазушылардың көпшілігі өздерінің таланттарын немесе қажырлы еңбектерін емес, байланыстарын дәлелдеді. Нәтижесінде ықпалды желілерге немесе беделді баспагерлерге қол жеткізе алмайтын жазушылар өз жұмыстарына назар аудару үшін күреседі. Онлайн платформалар жазушыларға кең аудиторияға жетуді жеңілдеткенімен, олар көбінесе кіріктірілген жазылушылары бар беделді авторлармен